

**«Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ
2018 – 2020 жылдарға арналған бюджеттік өтінімге
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Басқармаға қаралып отырған жалпы сомма 449 124 мың теңге, оның ішінде:

2018 жылға- 159 259 мың теңге;

2019 жылға- 144 937 мың теңге;

2020 жылға- 144 928 мың теңге;

-«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының соңғы-III-кезеңі аясында қарастырылған іс-шараларды жүзеге асыруда көзделген нысаналы индикаторлар мен нәтижелерге көрсеткіштерге қол жеткізу,

-ағымдағы жылдың басында жарияланған Елбасының *«Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар»* бағдарламалық мақаласында мемлекеттік органдар алдына қойған жаңа мақсат-міндеттерді орындау қажеттілігімен айқындалады. 2018 жылға бюджеттік өтінімнің жалпы көлемі –**159 259,0** мың теңгені құрайды.

Бюджеттік өтінімнің қанағаттандырылмауы Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдаулары, тапсырмалары, стратегиялық құжаттарда белгіленген міндет-мақсаттардың жүзеге асырылмауы, тілдік дамуды әдістемелік, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету сапасының төмендеуіне, мемлекеттік бағдарламада көзделген нысаналы индикаторлар мен нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізілмеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы – 7, 93- баптары;

-«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

-«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»;

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары /III кезең/;

-Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;

-«Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығы;

-Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XV-сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 3-тармағы;

- Ел бірлігі доктринасы (*мемлекеттік тіл жалпыұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс*);

-Қазақстан Республикасының Президентінің «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспары- (*қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың түйінді факторы ретінде үштілді білім беруді дәйекті түрде дамыту*);

-Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2016 жылғы 2 маусымдағы №01-25.26-24 тапсырмасы;

- «Мәңгілік ел» патриоттық актісі;

- «Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы.

Басқарманың қызметі «Қазақстан халықтары бірлігін нығайтудың факторы ретінде толеранттық тілдік ортаны құру» бағыты бойынша екі бюджеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылады.

001000 «Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасына 38116,0 мың теңге көлемінде қаржы қарастырылған.

111-ерекшелігі бойынша қызметкерлердің еңбек ақысына – (штат кестесіне сәйкес 10 қызметкер (басшы, 3 бөлім басшысы, 6 бас маман) жылдық жалақы көлемі -15860,0 мың теңге;

113-ерекшелігі бойынша өтемақы төлемдеріне –2643,0 мың теңге (10 адам x132,2 бір айлық көлемі x 2 =2643,0);

121- ерекшелігі бойынша әлеуметтік салыққа –856,0 мың теңге;

122-ерекшелігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарға –714,0 мың теңге;

124-ерекшелігі бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарға –250,0 мың теңге;

131-ерекшелігі бойынша 3 техникалық қызметкердің еңбекақысына – 1 252,0 мың теңге (3 адам x 34,8 x 12 = 1 252,0);

135-ерекшелігі бойынша техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналарына – 158,0 мың теңге;

149-ерекшелігі бойынша өзге де қорларды сатып алуға – 875,0 мың теңге А4, А3 форматты қағаздар (250дана x 1000тг=250000тг,), факс қағазы, түрлі-түсті картридждер (12дана x 28600тг=343200тг), картридждер (24дана x 4100тг=98400тг), қалам (100дана x 55тг=5500 тг), қарындаш (100 дана x 35 тг = 3 500 тг) т.б., мерзімді басылымдарға жазылуға 174,0 мың теңге жіберіледі;

152-ерекшелігі бойынша байланыс қызметі үшін – 957,0 мың теңге (6 телефон, 2 параллельді, интернет, ішкі және қалааралық байланыстар, абонементтік жәшік және пошталық қызмет);

153-ерекшелігі бойынша көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеуге 2160,0 мың теңге (жалдамалы жүргізуші 180,0 x 12 ай);

154-ерекшелігі бойынша үй-жайды жалға алу төлемдері – 5 280,0 мың теңге (144 ш/м, 66 қосалқы ш/м, 1ш/м 2000 теңге);

159-ерекшелігі бойынша өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге-4 183,0 мың теңге (компьютерлерге техникалық, к-2 деректер базасын ілестірмелеу және жаңарту, Парус-КАЗ бюджеттік бағдарламасына, заң деректері базасына, біліктілік арттыру және мемлекеттік сатып алу курстарына, полиграфиялық қызметтерге, құжаттарды түптеуге);

161-ерекшелігі бойынша ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарларға-1 848,0 мың теңге (жұмыс жоспарына сәйкес басқарма басшысы және қызметкерлердің, сондай ақ қолданыстағы атау беру, қайта атау, атаулардың транскрипцияларын өзгерту, мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидалары талаптарына сәйкес мүдделі министрліктердің келісімін алу, Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаулы жобаларын енгізу үшін Астана қаласына іссапарлар шығындары).

414-ерекшелігі бойынша машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу – 540,0 мың теңге (компьютер құрамымен).

416-ерекшелігі бойынша материалдық емес активтерді сатып алуға (вирусқа қарсы бағдарламалар және жаңа компьютерлерге бағдарламалар) – 540,0 мың теңге.

002000 «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту» бағдарламасына 121143,0 мың теңге қаржы қарастырылған:

155-ерекшелігі бойынша-мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу (*этно-мәдени бірлестіктердегі жексенбілік мектептер арқылы этнос тілдерін және мемлекеттік тілді оқытуға мемлекеттік қолдау көрсету, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық сектор арқылы өткізілетін шараларға – пікірталас турнирлері, акциялар, тілдік лагерьлер, онлайн семинарлар ұйымдастыру, топонимикалық материалды өзектендіру, топонимикалық зерттеулер*) – **20 000,0 мың теңге;**

159-ерекшелігі бойынша өзге де қызметтер мен жұмыстарға - 99143,0 мың теңге. Оның ішінде:

✓ тілдерді үйрену үшін мемлекеттік қолдау көрсетуге (тілдік құзіреттілік деңгейлері бойынша мемлекеттік, ағылшын, орыс тілдерін үйретуге оқыту курстары, ілеспе аудармашылардың шеберлік кластары, «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» бюллетенін, мемлекеттік тілді үйретуге арналған анимациялық фильмнің 2 сериясын шығару, оқу құралдарын шығару, онлайн режимінде оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру) – **45000,0 мың теңге;**

✓ **қоғамдық сананы жаңғыру бағдарламасының латын графикалық жүйеге көшу туралы 6-бағытын жүзеге асыру мақсаттарына** (жобалық кеңсе қызметі, ақпараттық стенділер, арнайы бағдарлама, рубрика, сауат ашу курстары, оқу құралдары, т.т) - **22100, мың теңге.**

✓ 3-7 жастағы балаларға арналған әдеби-танымдық үш тілде «Күншуақ» журналын шығаруға – **8000,0 мың теңге;**

✓ Туристік, өлкетанулық, әлеуметтанулық «Туған жер» энциклопедиялық-ақпараттық анықтамалықтар сериясын шығаруды жалғастыруға – **5000,0 мың теңге;**

✓ үштілді білім беру идеясын насихаттауға және ынталандыруға бағытталған арнайы іс-шараларды ұйымдастыруға (*қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білудің негізінде қол жеткізген мүмкіндіктер туралы ролик дайындау және ротациялау, «Үш тілді меңгеріп, жетістіктерге жет» тақырыбында мотиваторлар дайындап, әлеуметтік желіге орналастыру, үштілді білім беру идеясын өңірлерде насихаттау шаралары*)- **2200,0 мың теңге;**

✓ мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметін теле-, радиобағдарламалар мен мерзімді баспа басылымдар арқылы дамытуға (*орыс тілді БАҚ-та арнайы айдар ашу, PR хабар дайындау*) - **1200,0 мың теңге;**

✓ облыстағы тілдік ахуалды зерделеу бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізуге - **2000,0 мың теңге;**

✓ тілдерді дамыту және тілдік ортаны құрудың өзекті мәселелері бойынша республикалық (өңірлік) шаралар өткізуге */республикалық айтыс өткізу/* - **13 643,0 мың теңге.**

169 - ерекшелігі бойынша өзге де ағымдағы шығындарға (*облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздарын марапаттау, мемлекеттік тілді дамыту саласында айырықша үлес қосқан түрлі сала өкілдерін ынталандыру*) – **2000,0 мың теңге.**

Басқарма басшысы

Г.Төлебаева